

А. Мурсал^{1*}, А.В. Таңжарықова¹, Ж.А. Салтақова²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: aigerimmursal@mail.ru

Б. ЖҰМАБАЙҰЛЫНЫҢ «ІЗҒҰТТЫ БАТЫР» РОМАНЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

Мақалада Қытайдағы қазақ әдебиетінің өкілі Байахмет Жұмабайұлының шығармасы – «Ізғұтты батыр» тарихи романы поэтикалық тұрғыдан талданды. Зерттеу жұмысында шығармада кездесетін барлық кейіпкерлердің образы, мінез-құлқы қарастырылады. Жазушының өмірі мен шығармалары жайында мағлұмат беріледі. Романның тарихи шындыққа жақындығы тарихи деректерге сүйене отырып дәлелденеді. Уақыт пен кеңістік категориясының ерекшелігі мен табиғатына сәйкес, сол дәуірге тән халықтың дәстүрі мен өмір салты сипатталады. Жұмыста романда бейнеленген барлық адамдардың көңіл-күйі мен ойлары ашылады. Әдебиеттану теориясы бойынша поэтиканы зерттеудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде жазушы шығармасында көркемдік құралдарды үйлесімді қолдануы айқындалады. Мақалада идеяны іске асырудың толықтығына автордың өзі өмір сүрген дәуірді сипаттау арқылы қол жеткізетіні көрсетіледі. Шетелдегі қазақ әдебиетін зерттеп, ғылыми айналымға енгізу кезек күттірмейтін ірі мәселе екендігі айқындалды. Шығарманың басты құндылығы оның тарихи тұлғаларды бейнелеуінде. Бұл – жазушы, этнограф Байахмет Жұмабайұлының еңбектері туралы жазылған тұңғыш ғылыми мақала. Көтерілген тақырып арқылы Цин империясына қараған өр Алтай қазақтарының 1820 жылдардан кейінгі түбегейлі қоныстану барысындағы күресті жылдары сөз болған бұл роман барынша жан-жақты талданды. Шығарманың оқырман тарапынан эстетикалық әсер қалдыратын тұстары да ашылған.

Түйін сөздер: шетелдегі қазақ әдебиеті, Қытайдағы қазақ әдебиеті, «Беген шабылған» оқиғасы, поэтикалық талдау, образ.

Mursal^{1*}, A.V. Tanzharikova¹, Zh.T. Saltakova²

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

² Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: aigerimmursal@mail.ru

Poetics of the novel “Izgutty Batyr” by B. Zhumabayuly

The article is devoted to the analysis of the poetics of the historical novel “Izgutty Batyr” by the representative of Kazakh literature in China Bayakhmet Zhumabayuly. The study examines the images and characters of all the characters found in the work, provides information about the life and work of the writer. The proximity of the novel’s content to historical reality is proved on the basis of historical sources. In accordance with the specifics and nature of the categories of time and space, the traditions and lifestyle of the people characteristic of the depicted era are described. The work reveals the moods and thoughts of all the people depicted in the novel. On the basis of the application of various methods and techniques of studying poetics, according to literary theory, the harmonious use of artistic means in the writer’s work is determined. The article shows that the author achieves the full realization of the idea by describing the era in which he lived. The relevance of the study and introduction into scientific circulation of works on the analysis of Kazakh literature abroad as a major and urgent problem is substantiated. The main value of the work in question is the depiction of historical figures. This article is the first scientific work on the work of the writer, ethnographer Bayakhmet Zhumabayuly. It comprehensively analyzes the novel “Izgutty Batyr”, which tells about the struggle of the Kazakhs of the Altai Mountains, belonging to the Qing Empire, during the thorough settlement in the period after the 1820s. The article also analyzes some aspects of the work that make an indelible aesthetic impression on readers.

Key words: Kazakh literature abroad, Kazakh literature in China, Story “Begen shabylgan”, poetic analysis, image.

А. Мурсал^{1*}, А.В. Танжарикова¹, Ж.А. Салтакова²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

²Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: aigerimmursal@mail.ru

Поэтика романа Б. Жумабайұлы «Изгұтты батыр»

Статья посвящена анализу поэтики исторического романа «Изгұтты батыр» представителя казахской литературы в Китае Байахмета Жумабайұлы. В исследовании рассматриваются образы, характеры всех персонажей, встречающихся в произведении, приводятся сведения о жизни и творчестве писателя. Близость содержания романа к исторической действительности доказывается на основе исторических источников. В соответствии со спецификой и природой категорий времени и пространства описываются традиции и образ жизни народа, свойственные изображаемой эпохе. В работе раскрываются настроения и мысли всех людей, изображенных в романе. На основе применения различных методов и приемов изучения поэтики согласно литературоведческой теории определяется гармоничное использование художественных средств в произведении писателя. В статье показано, что автор достигает полной реализации идеи, описывая эпоху, в которой он жил. Обосновывается актуальность изучения и введения в научный оборот трудов по анализу казахской литературы за рубежом как крупной и неотложной проблемы. Главная ценность рассматриваемого произведения заключается в изображении исторических личностей. Настоящая статья представляет собой первую научную работу о творчестве писателя, этнографа Байахмета Жумабайұлы. В ней всесторонне проанализирован роман «Изгұтты батыр», повествующий о борьбе казахов Горного Алтая, относившегося к империи Цин, в ходе основательного расселения в период после 1820-х годов. В статье также подвергнуты анализу некоторые аспекты произведения, производящие на читателей неизгладимое эстетическое впечатление.

Ключевые слова: казахская литература за рубежом, казахская литература в Китае, рассказ «Беген шабылган», поэтический анализ, образ.

Кіріспе

Академик С.Қирабаев: «Қазақ халқының рухани мұрасы тек бүгінгі Қазақстан жеріндегі ұлт өкілдері еңбектерімен шектелмейді. Тағдырдың тәлкегімен шет елдерге және бұрынғы КСРО көлеміндегі мемлекеттерге ыдырап кеткен қазақтардың әдебиеті мен мәдениеті де біздің ұлттық байлығымыздың бөлінбес бөлігі» – деп орынды пікір айтады. Қазақ әдебиетінің аса үлкен бір арнасы – шетелдегі қазақтар әдебиеті. Мақаламызға арқау болып отырған тақырыпты толыққанды зерделеу үшін, шетелдегі қазақ әдебиетінің аса ауқымды бір арнасы саналатын Шынжаңдағы (Қытай) қазақ әдебиеті туралы аз-кем тоқтала кетпекпіз. Қытай қазақтарынан шыққан қарымды қаламгерлердің бірі Оразанбай Егеубаев өзінің «Қытайдағы қазақ әдебиеті, өнері және баспасөзі» атты көлемді мақаласында арғы беттегі әдебиет өкілдерінің өткен-кеткенін былай баяндайды: «Қытайдағы қазақ әдебиеті қорында қазіргі уақытта 100-ден астам роман, 600 хикаят, 900-дей өлеңдер жинағы, 150-ге жуық әдеби-сын кітаптары бар» (О.Егеубаев, 2012). Жазушы О. Егеубаев атап отырғандай, Қытайдағы қазақтардың әдебиетшілері аса мол рухани байлықты қазақ қазынасына қосқаны

белгілі. Қазақ әдебиетінің осы бір мол арнасы болашақта дәуірлер және жанрлар бойынша зерттеліп, зерделенуі тиіс. Бұл мақала Б.Жұмабайұлының еңбектеріне ғылыми тұрғыда талдау жасаған тұңғыш зерттеу болғандықтан, ғылыми қауымға автор туралы шағын мәлімет бере кеткеніміз жөн.

Жазушы, этнограф Баяхмет Жұмабайұлы 1955 жылы ҚХР Алтай аймағы Жеменей ауданында дүниеге келген. 1980 жылы алғаш рет «Дүкендегі жас» атты әңгімесі жарық көрген жазушының қазірде 9 повесть, 80-нен астам әңгіме, 7 романы, 9 этнографиялық еңбегі, 4 фольклорлық тақырыптағы кітабы жарық көрді. Әсіресе, ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеуде еңбектеніп, дастандар, ән-күйлер және ертегі-аңыздар туралы 50-ден астам мақала жазып, тарихи және этнографиялық тақырыптарда 60-тан астам ғылыми мақалалар жариялаған.

1995 жылы «Дала тағлымы» атты ғылыми еңбегі Қытайдың батыс терістік өлкелері бойынша ерекше дәрежелі сыйлыққа ие болған. 2001 жылы «Дәруге зәру» романы, 2005 жылы «Ақыт ата» романы баспадан шыққан. «Өмір көктемі», «Сағыныш», «Кенішті кент» романдары мен «Жартастар тіл қатады» атты қазақша, қытайша және ағылшынша – үш тілде жарық

көріп, зиялы қауым жоғары бағалады. «Арыстың алыптары», «Дәстүр және тағылым» (екі тілде), «Отарбай жырау», «Күй аңыздары», «Жетпістің желкенінде» және «Рухы асқақ ер Зұқа», «Дара тұлғалар» (очерктер) сынды қомақты еңбектерімен танымал. Қазақстанға көшіп келгеннен бері жеті кітабын баспадан шығарды. Оқырмандармен жиі кездесулер өткізіп тұрады. Б.Жұмабайұлы – Қытай мемлекеттік жазушылар қоғамының және Қытай мемлекеттік фольклоршылар қоғамының мүшесі. Мақаламызда поэтикалық қуаты жағынан талданып отырған «Ізғұтты батыр» романы 1985 жылы, автордың 30 жасында жазылған.

Өр Алтайға қоныстанған қазақтардың ХІХ ғасырдың басы мен орта шеніндегі толассыз күрестерге толы ат үстіндегі өмірлері, сол кездегі саяси, әлеуметтік жағдай роман сюжетіне арқау болған. Қазақтың елі мен жерін жаудан, жаттан қызғыштай қорғаған қас батырларының бірі – Ізғұтты Жанбалаұлының өмірін негізге ала отырып жазылған бұл роман 2000 жылы «Шынжан жастар-өрендер» баспасынан басылып шыққан.

Зерттеу материалы және әдістері

Баяхмет Жұмабайұлының романын талдау барысында жазушының өмірі мен шығармашылығына, шығармаларының тарихпен астасуы, ондағы кейіпкерлердің образы, тақырыптық-идеялық сипаттары, көркемдік стильдік ерекшеліктеріне арналған жұмыстар жүйеленді және жинақталды. Осы тұжырымның мәнін ашатын негізгі идеялар мен теориялар анықталды.

Зерттеу материалы Баяхмет Жұмабайұлының «Ізғұтты батыр» романын талдау және әдебиеттанудағы поэтика табиғаты жайлы болмақ. Ғалым Бақытжан Майтанов – ұлттық әдебиеттануда көркем шығарманы поэтикалық тұрғыдан зерттеудің әдістанымдық үлгісін көрсетіп кеткен бірден-бір ғалым. Кейіпкер болмысын танытудағы психологизмнің қызметі, көркем шығармадағы баяндаудың жолдары, суреттеудің жүйесі, көркем мәтіннің семантикалық, стилистикалық құрылымы жайындағы ізденістері ғалым зерттеулерінің теориялық тереңдігі мен жан-жақтылығын байқатады.

Сан-Франциско мемлекеттік университетінің профессоры Дэвид Мацумото «Образ ішкі сезімдердің шығармада көрініс алуы» (David Matsumoto, 2009) екендігін айтса, Б.Майтанов «шығармадағы образдар жүйесін жасау, характерді сомдау, мінезді таныту, портретті сипаттау, диалог пен монологты қолдану, пейзаждық

суреттеулер, психологизмді бере білу сияқты жазушы шеберлігіне жеке дара тоқталып, тарқата сөз етіп отырғанымен, осылардың бәрінің үйлесімділік пен тұтастықта қолданылуын шығарманың поэтикалық даралығы» деп таниды (Б.Майтанов, 1983:6). Бұл шығармада жазушының образды сомдауы, кейіпкердің жан дүниесін, дүниетанымын, көңіл-күйін ашуы өте шебер бейнелеген.

Баяхмет Жұмабайұлы «Ізғұтты батыр» романында тарихи шындықты нақтылы болған оқиғалармен көрсеткен. Бұл туралы әдебиет теоретигі В.В.Виноградов «орыс әдебиетіндегі тарихи романдарды зерттей отырып, тарихты түсіну үшін қоғамдық дамудың заңдылықтарымен танысып, адам мен оның қоғамға қарым-қатынасы туралы білуіміз керек» деген (В.В.Виноградов, 1980:52). Сондықтан, тарихи романның шынайылықпен байланысты болуы ғана оның тарихи шындықты бұрмаламай жеткізуіне септігін тигізеді.

Романның тарихи шындықты бейнелеудегі маңыздылығына шығыстанушы ғалым Н.Конрад роман жанрында шынайы тарихтың фактілері суреттелетіндігін атап көрсетеді. «Әдебиет пен тарихтың арасында үлкен байланыс бар. Тарих әдебиеттің материалы болса, әдебиет тарихтың жанды жаршысы, яғни адамзаттың нағыз шын тарихын тарихшы емес, суреткер жазады» деген (Н.Конрад, 1966:173). Осы теорияны негізге ала отырып, романдағы тарихи оқиғаларды зерттейміз.

Енді романның ішкі мазмұнына үңілерден бұрын сол кездегі тарихи оқиғаларға байланысты ресми құжаттар мен жазбаларға назар аударып өткеніміз жөн.

Мақаламызда сөз етіп отырған кезеңдер туралы жазушы Жәди Шәкенұлы «Қытай қазақтары» атты көлемді зерттеу еңбегінде «Қытай жылнамаларындағы қазаққа қатысты деректерден» (Қытай жылнамаларындағы қазаққа қатысты деректер, 1998) үзінді келтіре отырып былай деп жазады:

«1810 жыл Чиң өкіметі қарауыл сыртындағы шекара ішінде мал бағып отырған қазақ руларының Чиң өкіметіне бажы тапсыруына, шекара шарлайтын мәнсаптылар мен әскерлерге көмектесіп шекара өңірді шарлауына жол берді. Чиң өкіметі қазақ рубасыларына шен берді. 1836 жылы Қазақтың Абақ керей руының рубасылары Буыршының Үштас жайлауында бас қосып, би сайлайды. Бұл жолы жиыны төрт би, яғни Жәдік руынан Бейсенбі Дөненбайұлы, Құлыбек Жәнтеліұлы; Жәнтекей

руынан Көкен Мамытұлы, Топан Сатайұлы сайланды. 1858 жыл 7 қыркүйекте Қытай патшалық Ресей «Тарбағатай қосымша шартына» қол қойды.

1867-1868 жылдары «қызыл аяқтар» Алтай елін шауып, бұлап-талауға кірісті. Ажы төреге тез арада ат-көлік, азық жинап бермедің деген қысаспен үзеңгісіне у жағып өлтірді» (Ж.Шәкенұлы, 2010).

Жазушы Байахмет Жұмабайұлының «Ізғұтты батыр» романы осы аталған тарихи кезеңдерді суреттейді. Романның тұтас тұлғасынан елін құтты қонысқа, байтақ өріске жеткізуді ойлаған Асан қайғының ізбасарлары іспетті Ертісті өрлей қоныс шалып, жұрт жаңалаған қазақ руларының басшылары небір тар жол тайғақ кешулерді басынан өткізгені көрініс табады. Атап айтқанда, бүгінгі таңда арғы бетте тұратын миллиондаған қандастарымыздың осыдан екі жарым ғасыр бұрынғы ата-бабаларының төңіректегі жаулармен болған жер таласы, ру аралық барымта дауы, жер дауы, т.б. қоғамдық, дәуірлік қайшылықтарды қалай ретке салып, тарих сынынан қалай өткені баяндалады.

Романның бас кейіпкері Изғұттының заманынан бір ғасыр бұрын шығыстағы жоңғардан босаған кең байтақ атамекенге Абылай ханның тұсында қазақтар жылжи көшіп, біртіндеп қоныстана бастаған. Әбілпейіз ханның ұрпағы Көгедай Алтай қазақтарына төре болып, Алтай жұртшылығы Чиң (Цин) патшалығына жыл сайын салық тапсырып тұрғаны белгілі. Елдің ішкі істерін қазақтың салт-дәстүрі мен ата заңына сай, ел ішінен сайланған билер мен қасқа-жайсандар басқарды. Ел басқарушыларға би лауазымнан сырт, дәрежесіне қарай зәңгі, залың, үкірдай, т.б. манжур тілінде аталған шендік лауазымдар берілгені болмаса, елдің ішкі істерді реттеу жүйесі негізінен ата жолымен басқарылып келді.

Қазақ хандығынан бөлініп, арғы бабаларымыз ту тіккен, қоныс еткен қасиетті Алтайды қоныс етеміз деген аса көп қауымның алып Чиң (Цин) империясымен елдесу, жергілікті моңғол руларымен ымыраласып, одақтасып қоныс бөлісу ісі қысқа уақыт ішінде оңай шешіле салған жоқ. Жарты ғасыр бойы, тіпті бір ғасыр бойы кескілескен ұрыстар, кеңес, келіссөздер, алым-берім, алман-салыққа сүйену, т.б. қолдан келген шаралардың бәрін пайдаланып, ата топырақ Алтайға түбегейлі ірге тепті. Алтай бетіне қазақтардың қоныстану барысындағы аумалы-төкпелі кезеңдерді, ат ауыздығымен су кешіп, ер етігімен су кешкен қиын заманды бейнелейтін бұл роман – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар,

көркемдік, стильдік, тақырыптық-идеялық сипатымен ерекшеленетін бірегей шығарма.

Әдебиеттерге шолу

Бұл еңбек Б.Жұмабайұлының шығармашылығы туралы жазылған тұңғыш зерттеу мақаласы болғандығы себепті, аталған роман сюжеті тарихи шындық негізінде зерттелді. Сонымен қатар, «Ізғұтты батыр» романында қазақтың басынан өткен тарихи оқиғаларды басқа да Шынжаң қазақ қаламгерлері роман қылып жазған болатын. Оның бірі Асқар Татанайұлының «Тарихи дерек – келелі кеңес» кітабы, екіншісі Қабдеш Жанабылұлының «Дәриға» романы, біз сөз етіп отырған Б.Жұмабайұлының «Ізғұтты батыр» романы осы кезеңдерді жазған кесек туындысы. Романдағы оқиғаның тарихи шындыққа барынша жақын болғаны туралы сөзіміз дәйекті болуы үшін біз, Алтай қазақтарының тарихы туралы көптеген еңбектер жазған тарихшы, жазушы Асқар Татанайұлының кітабында «Беген шабылған» қасіреті туралы келтірген тарихи деректерінде:

«Жоңғар хандығы құлағаннан кейін, қазақ халқы өзінің байырғы мекені Іле өңірі мен Тарбағатай, Алтай, Еренқабырға тауларына қарай ірге теуіп, Абақ керей рулары Алтай, Сауыр тауымен он екі салалы Ертіс алқабын алып, бір қанатын Құбы құмына тірей Еренқабырға тауына дейін қоныстанады.

...Солардың ішінде күштілігіне сеніп, іргесін тірей тептірген Бәйімбет баласы Беген бай мен Изғұтты, Иман бастаған Сәмембет балалары бар еді. Олар қос Шіңгіл мен Көктоғайды екі жағына алып, Қобда дәрбеттерімен қоян қолтық тіршілік ете бастайды. Алайда қазақтардың жылдар өткен сайын нығайып бара жатқанын көріп отырған дәрбеттер Алтай қазақтары үстінен Бейжинге шағым жасайды. Цин (Қытай) патшалығының бұйрығы бойынша шағым иесі Сән ноян, үш батыр бастаған үш мың қол жиып, 1836 жылы керейлерге шабуыл жасауға Қарасеңгірге аттанады. ...Беген бай кезінде әкесі Бәйімбет жылқы салған Сауыр тауын тастап Көктоғайдан өтіп, иен жатқан Қарасеңгірді мекендепті. Аңыздарда Қарасеңгір, Сарыбай ханның мекені делінеді екен. Ханның бейіті ол кезде құлаған болса да, ескі орны бар болғандықтан, осы жерді таңдап алса керек.

Бірнеше жылғы бейбіт тұрмысқа үйренген Беген бай Қарасеңгірде күзеу де қалып, найманның Байжігіт руындағы құдасына қызын

ұзататын той жасаудың қамында жүр еді. Жайлауда қалған қалың жылқыдан он бес айғыр үйірін алдырып, үш жүз бие байлатады. Осы жылқыны ұзатылатын қызының ениісіне айдатпақышы болады. Сондықтан тартылатын желі де, құлындардың ноқтасы да, күміс піспекті сабасыда жас тілеуге сай жасалады.

Тойды міндетіне алған ауылдар Қарасеңгірді айнала, Бегеннің ордасын ортаға ала қондырылады. Кермелер тартылып, ер қанаты тұлпарлар мен жүйрік жорғалар сапқа тұрады. Алтын нақышты, күміс шығырықты, жібек желбаулы шаңырақ көтеріліп, тоқсан басты, тор көзді отауы ордадан бөлек, кілем түріндей гүл шешекті жасаңға тігіледі. Тең-тең болып тоғанақталған жасаулар ордадан отауға тасылып жатады. Ұзатылатын қыздың отауы отыз түйеге артылып, он бес айғыр үйірлі жылқы айдалып берілмекші болады. Тойды өткізу тізгіні он бір Сәменбеттің үлкені – Есентайдан туған Шақабай баласы Ізғұтты мен Қазыбектің ұрпағы Иман батырға беріледі. Елбасы болғандар да, ер азаматтар да түгел той қамына шұғыл кіріседі.

Осындай әбігер күнді қолайлы санаған барлаушылар оңатты күнді күтіп жатқан Сән ноянга хабар жеткізіп, отауды жықтырмай, қазынаны арттырмай басуды қолқалайды. Сонымен үш мың қол қазақ ауылдарын бір-ақ түнде басып қалады. Қазақтар қапылыста қаша соғысып, бірер күн ес жиған соң жортуылшылармен Көктоғай бойында қатты шайқасады» (А.Татанайұлы, 1994:65). А.Татанайұлының «Тарихи дерек – келелі кеңес» атты кітабында жазылған деректің Беген шабылған оқиғаға қатысты бөлегін ықшамдап көрсеттік. Жазушы Б.Жұмабайұлының романында осы оқиғаға арнайы бір тарау берілгенін жоғарыда атап өттік.

Дөрбіттермен болған күрестерде бірде қазақтың, бірде моңғолдың жолы болып тұрды. Дегенмен, осы оқиға да қазақтың жеңіліп, ауыр қазаға ұшырағаны белгілі. Кейін Ізғұтты батыр қол жинап, дөрбіттерден кек алып, оларды қалқаны (бүгінгі Моңғолия жері) асыра қуады. Сол шайқастардың бірінде Ізғұтты да өледі. Батырлары өліп, кісі шығыны ауыр болғанымен, содан бастап өр Алтай жері қазақтардың қолына өтеді. Бұл туралы автор романда қазақ ауызында таралған небір хикметті оқиғалар мен аңыздарды көркем тілімен әсерлі түрде жеткізеді.

Бұл жөнінде тағы да тарихи ресми жазбаларға жүгінеміз: «1824 жылы Өр-Алтайда «Беген шабылған Қарасеңгір» оқиғасы болды. Бұл дөрбіттердің 4 мың жасағы келіп,

Жәнтекей Беген байдың елін шапқан оқиға болатын. Дөрбіттерге қарсы Абақ Керей қол жиып, Алтайдан асыра қуады. Сол соғыста Ізғұтты батыр қаза табады. Осыдан кейін Өр-Алтай толықтай Абақ Керейдің иелігіне өтеді» (Е.Кәрібай, 2019).

Ал жазушы Б.Жұмабайұлы осы оқиғаларды суреттеп, бейнелеуде көне көкірек қариялардың баяндау желісін сақтай отырып, деректерді мүмкіндігінше әдеби өреге көтеруге тырысады. Бұл реалистік шығарма болғандықтан, отансүйгіштік тәлімі жарқырап көрінеді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ әдебиетінің құрамдас бір бөлігі саналатын Қытайдағы қазақ әдебиеті өкілдерінің өмірі мен шығармаларын зерделеп ғылыми айналымға енгізу – бүгінгі ұлттық әдебиеттану ғылымының негізгі мәселелерінің бірі. Бұл жайында белгілі ғалымдар Т.Кәкішов, Т.Тебегенов, З.Сейітжанов, Ә.Дәулетхан, Т.Рыскелдиев, Е.Әбікенұлы т.б. зерттеушілер Қытайдағы қазақ әдебиетінің жай-күйін зерделеген еңбектері мен мақалаларын жариялап, аталмыш тақырыптың өзектілігін көтерген еді (Шетелдегі қазақ әдебиеті, 2014:327).

Б.Жұмабайұлының «Ізғұтты батыр» романы көлемі жағынан тым үлкен романдар қатарына жатпайды. Жазушының 289 беттен тұратын бұл шығармасы 17 тараудан және соңғы сөзден тұрады. Атап айтсақ: «Ат жалында», «Ғибрат», «Өртенген өзек», «Қара жұрт», «Сыр мен сыз», «Қызғаныш», «Ел ертеңі үшін», «Із», «Астағы айғай», «Ой тоғыстырған той», «Күдік пен күйік», «Ел айырылған», «Көкбөрі», «Беген шабылған», «Аңсаған арман», «Қапыда қалу», «Қу үй» және «Соңғы сөз». Өр тараудағы тақырып айтып тұрғандай, бұл атаулар Ізғұтты батырдың өмір тарихындағы бір-бір ірі тарихи оқиғалар негізінде алынған. Жанбалаұлы Ізғұтты батырдың елін үркін-қорқынсыз бейбіт күнге жеткізу жолындағы небір бұралаң жолдарды бастан кешкен батырлық өмірі романның көрініс табады.

Бұл романның басты ерекшелігі – Қазақ халқының осыдан екі жарым ғасыр бұрын басынан кешкен күйлерін көркемдікпен бейнелеп, жат елде жүрген қазақтардың тарихи оқиғалар легін әдебиет бетінде сақтап қалуында.

Шығарманың басты идеясы – қасиетті атамекенді көз қарашығындай қорғау, ұлтына деген адалдықты сақтау. Ұлтын шексіз сүйу – әрбір азаматтың борышы екендігін ұғындыру.

Әдебиет теоретигі З.Қабдолов көркем шығармадағы образдар сипаты туралы: «Әдеби шығарманың мазмұны – өз эстетикалық идеялының тұрғысынан суреткер таныған ақиқат өмір де, пішін – осы шындық тұтастырыла жинақталған көркем образдар жүйесі, яки әдеби қаһармандар өмірі» (З. Қабдолов, 2002:127), – дейді. Енді шығармадағы кейіпкер образына талдау жасаймыз.

Романның бас кейіпкері Ізғұтты елі мен жерін жаудан, жаттан қорғаған бөтен жұрттың езгісінде қалып қойған аумалы-төкпелі заманның алуан түрлі апатынан қорғап, халқын жан-жағынан талап, тонап, басымшылық көрсеткен дәрбіттер мен Чиң империясынан қызғыштай қорып, қажет кезінде қарсы тұрып, әлеуметтік теңсіздіктермен өмірінің соңына дейін бел шешпей, аттан түспей аяусыз күрескен қайраткер, қолбасшы тұлға, қайсар батыр.

«Ізғұтты батыр» романында бас кейіпкер Ізғұттыдан басқа Байымбет, Беген, Иман, Сайеке, Жарқынбай, Ажы гүң¹ (төре), Бұланбай балуан, Марлан, т.б. негізгі кейіпкерлер бар. Сондай-ақ, әр рудың ру басылары, билері, сол дәуірдегі атақты адамдар романда жанама кейіпкер ретінде кездесіп отырады. Романда суреттелетін Ажы төре және төренің жандайшаптары – космополиттік бейне. Оларда ұлттық қасиет, намыс атымен жоқ, тіпті, жоққа тән. Цин империясының сол тұстағы шекара өңірлердегі қазақ, моңғол секілді аз санды ұлттардан алынатын алман-салықты ауырлатуына байланысты, империя патшасымен ауыз жаласып, өзінің қарамағындағы қауымға қаттырақ тырнағы батқан адам ретінде суреттеледі. Ал жоғарыда аты аталған кейіпкерлердің бәрі көпшілігі негізінен ел басына күн туғанда, тағдырлы мәселелерді талқылауда, көрші елдермен болған шайқастарда, ру аралық дау-дамайда Ізғұттының жанынан табылатын сенімді тұлғалар, ел ағалары ретінде көрсетіледі.

Зерттеу нысанына алынып отырған роман халық аузындағы аңыз негізінде жазылған. Қытайдың Қазақ әдебиетін зерттеушісі Ә.Қоңқайұлы «Шынжаң (жаңа өлке) өңірін мекендеген қазақтардың әдебиеті XVIII ғасырдың бірінші жартысынан белгілі, арғы тарихы қазақ халқының ауыз әдебиетімен сабақтас». Әдебиет тарихының қатпары қалың ежелгі іздеріне үңілгенде, бүгінгі күндегі Қытай жазбаларынан әдебиетіміздің жыл санауымыз-

дан бұрын туғанын білеміз. Қазіргі Қытай және Қазақ елі қоныстанған даладан оның тарихи жәдігерлерінің айқын іздері табылған (Ә.Қоңқайұлы, 1999). «Қазақ ауыз әдебиеті» деп аталатын қазақ әдебиетінің бұл түрі әңгімешілік дәстүріне негізделген. Жазушы Б.Жұмабайұлы осы оқиғаларды суреттеп, бейнелеуде көне көкірек қариялардың баяндау желісін сақтай отырып, деректерді мүмкіндігінше көркемдеуге тырысады.

Романды жазған кезде ел арасындағы құймақұлақ, дана көкірек қариялардың қатары әлі сетіней қоймаған еді. Оның үстіне Кларк Майкл өз зерттеулерінде «ҚХР да 1978 жылдан Дин Циаопин төрағалық еткен үкіметтің «Реформа жасап, есік ашу» дейтін саясаты жүргізіліп, ел ішіндегі әр ұлт халқының теңдігі баса дәріптеліп, аз санды ұлттардың тарихи, рухани мұралары жиналып, реттеліп, зерттеліп, бабалардың басынан кешкен тарихи оқиғаларды роман етіп жазуға, халық фольклорлық мұраларын, этнографиясын зерттеуге шабыт берілген жаймашуақ кезең еді» (Clarke, Michael. 2011).

Бұл роман жазылған кез Қытайдың «жаңа дәуір» деп аталатын кезеңімен тура келеді. Қытайдың зерттеушісі Фан Шян Дунь Қытайдың жаңа дәуір әдебиетінің көш басындағы жазушы Лиу Шунның «Класс жетекшісі» атты әңгімесі коммунистік идеяны көмескілемей, тікелей әрі әшкере бейнеледі (Fang Xiang dong, 2008). Осыдан бастап Қытайдың жаңа дәуір әдебиетіне адамдардың ізет-құрметі онан әрі арта түсті.

Өз зерттеулерінде Макмиллен, Х.Дональд жаңа дәуірді сөз етеді: «Жаңа дәуір дегеніміз қатып-семген социалистік реализмнің тоңы жібіп, Қытайдың қатал саясатына жылу жүгірген кезең. Соның нәтижесінде сөз өнері дамудың даңғыл жолына түсті. Билік басына Дыңшиаупин шыққаннан кейін әдебиет саясат үшін қызмет істемейтіндігін, әдебиет саяси өзгеріске мойын бұра бермейтін, мәңгілік дүние екенін, өзі бас болып ауызға алды. 1979 жылы Қытайдың мемлекеттік 4 кезекті әдебиет-көркемөнершілер құрылтайы ашылды. Осы жолғы құрылтайда әдебиеттің ішкі заңдылығына құрмет етіліп, жаңа дәуір әдебиетінің есігін айқара ашты. Сонан бастап, әдебиетті құрсаудан құтылдырып, біртіндеп қалпына келтіре бастады. Әдебиет көркемдік тәсілдер арқылы адамдарды рухани жақтан азат болуына көмектесті» (McMillen, Donald H. 1985). Сол жаңа дәуірдің бастамасы Қытай Қазақ әдебиетінде бүкпесіз жазылған тарихи романдардың шығуына негіз болды (David Matsumoto, 2009). Осындай жақсы заманды пай-

¹ Гүң – Көгедайдың ұлы Ажыға берілген басшылық лауазымдық атақ. Бұл атақты Цин империясы береді.

далана білген автор Алтай тауын мекендеген ауылдардан, көкірек көзі көнені жаттаған данагөй қариялардан көптеген деректер мен шежірелерді жинағаны байқалады. Яғни одан жүз жыл бұрын өмір кешкен теңдессіз батыр Ізғұтты төңірегіндегі қызықты да хикметті хикаялардың халық арасында әлі де мұрагерлері бар кезенді жазушы жақсы пайдаланып қалады. Автор осы еңбекқорлығының арқасында жас болса да осы бір тарихи романды сәтті жазып шығады.

«Ізғұтты батыр» романында батырға кеңес беріп отыратын аға жолындағы үлкендердің бірі – Беген қарт. Жалпы Шынжаң қазақтары түгелдей білетін «Беген шабылған» деген қасіретті оқиға бар. Өр Алтайдағы Шіңгіл мен Көктоғай арасындағы Қарасеңгір деген жерді күні бүгінге дейін «Беген шабылған Қарасеңгір» деп атайды жұрт. «Ізғұтты батыр» романының бір тарауы да осы оқиғаға байланысты жазылған. Бұл романда да «Беген шабылған» деген атпен берілген тараудан мысал келтірейік.

Жау келіп Беген ауылын шауып кеткеннен кейінгі ауыр жағдайда мынадай оқиғалар суреттеледі:

«Жалғыз ұлын жауға беріп, жалғыз қызынан тірідей айырылып, өзінің ақы алал мал-мүлкінен жұттай болып, ауыр жарақат азабында аласұрған Беген қарияның ендігі Құдайдан тілері тек өлім ғана болды да, бірнеше жерден дарыған жебенің жарақатынан аунап-қунауға да шамасы келмей, жанары өшкінден, жан азабына түсіп жатқанда, тосыннан жарқ еткен жұлдыздай пайда болған қызын көргенде, күн жеген шүперектей жүзіне аздап қан жүгіргендей болды. Кешегі лықсып отыратын қара шұбырынды ауылдың дәл қазір сұлдері кетіп, бірі әкеден, бірі шешеден, біреулері балаларынан айырылып, мұң-зарларын жұтып еңіреген елінің мына күйін көрген Құндыздың да өзегіне өрт кетіп өксік атты. Беген ауылы қыр соңынан қуғыншының тағы шыққан хабарын алған заман қанды жасын дегдітіп, жарақатын таңған ауыл тағы да орын жылжытуға әзірленген еді. Ажының жасауылдары көмекке келе жатқан хабарын естіп қайта байырқалап қалды. Ажы жасауылдары Беген ауылына жау тиген хабардың кеш тигеніне Ажы опық жеп, бармағын тістеп отырғанын, Бегеннен кешірім сұрағанын жеткізді. Кеудесінде жаны барын жанарымен ғана аңғартып жатқан Беген Ажының жәрдем жібергеніне разылығын білдіріп, жанарына жас іркіп:

– Апырай, тұяқ қалса да игі еді ғой. Кештім Ажыға деген зытымды. Нағыз Қаракөктің

тұқымы екен ғой. А, Құдай, біз де ел екенбіз-ау, тұқымымыз құрыған деген осы екен десем, сұрайтын ие болғанына мың да мың шүкір! – деп бір тынды да, барған сайын әлсірей, көз жасын көл етіп, қасында отырған қызы Құндыздың қолын қысып:

– Қыз да болсаң бір тұяқ қалып барасың, балам, көз деген міне сенсің. Өкең мал жиған еді. Міне бір жаудан шықпады. Атастырған азаматым аталап жүрегімді жылытқан еді. Тірі келіп қолыңнан ұстаса, әр екеуіңе менен өсиет – бір немеремді Бегеннің баласы атасын! – деген сөзін үзіп-үзіп айтуға шамасы әрең келді. Өкесінің барған сайын ауырлап бара жатқан халін көрген Құндыз еңіреп қоя берді.

Беген қарт таң ата Марланның аман оралғанын естіген соң барып, жұлдыз сөне жан үзді».

Көріп отырғанымыздай, бұл – тарихта қанды қасаппен халық жүрегінде қалған қаралы күннің соңғы минуттары туралы шағын сюжет. Осы бір ғана үзіндіден жазушының тарихи шындықты барынша жақындауға тырысқаны байқалады. Мысалда келтіргендей, ру аралық тартыстар мен ел арасындағы қырбайлықтардың салдарынан бір-бірін кешіре алмай келген Ажы мен Бегеннің іштей кешісуі көрініс табады. Бұл шынында қазақ халқының жай күнде бір-біріне өкпе-назы басылмаса да, ел басына күн туғанда, ата жолы арқылы біріге кететін ұлттық ұлы дүниетанымын бейнелейді. Қарапайым тілмен айтар болсақ, романның осыған дейінгі бөлегінде Беген Ажы төре еліне адал басшы болмады деп қырын қабақ тантытып келеді. Ал Ажы да кезі келгенде Беген қарт ауылына бірнеше рет тісін батырады. «Төрт би, төреден» жалғасып келе жатқан ата заңды құрмет тұтпай, өр Алтайға қарай қиырлай қоныстанып, күндік басшылыққа наразылық танытты, елді бөліп басқарды деген өкпесі болатын. Енді іргелі жау келіп ауылды шапқанда төменгі Алтайда тұратын Ажы ордасынан көмекке қосынның жетуі, әрі екі дүние арасында жатқан Беген ақсақалға сәлем айтып, кешірім сұрағаны, оған Беген қарттың о дүниеге аттанар алдында разы-қош болуы – шын мәнінде жалған дүниедегі сыйластықтың құлы болған қазақ халқының жақсы бір қасиетін бейнелейді. «Ағайын өкпеге қиса да, өлімге қимайды» деген аталы сөздің де қадір-қасиеті осы үзіндіде әйгілене түседі.

Жазушы Б.Жұмабайұлының «Ізғұтты батыр» романында оқырман көңілін желпіндіріп, ар түбі-ақиқатқа келгенде еріксіз бас игізетін сөз-сөйлемдер мольна кезігеді. Романдағы кейіпкерлер арасындағы тартысқа қарап отырып,

осыдан екі жарым ғасырға жуық уақыт бұрын ұрпағын құтты мекенге қоныстандыру жолында ат жалында ғұмыр кешкен бабаларымыздың арасындағы тартысқа толы өмірді, ол кездегі береке мен бірлікке талпынған рухшыл ұйымшандыққа да, кішігірім іске өкпелеп жақыннан бөліне көше жөнелетін өкпешілдікке де автор өзінің әділетті көзқарасын білдіреді. Бір сөзбен айтқанда, тарихта аты аталатын кейіпкерлерінің жақсысын жақсы деп аспандатып та жібермейді, ал зұлым образдарды да жеріне жете жамандамайды. Себебі, «Жаза ба-спас адам жоқ, жаңылмайтын қадам жоқ» деп М.Әуезов айтқан аталы сөздің ыңғайына бағып, тарихта өткен бабалардың артығынан тәлім, кемінен сабақ алу керектігі Б.Жұмабайұлы шығармасында менмұндалап тұрады. Оқырман осы арқылы романдағы «Бір аяғы сегіз, бір аяғы тоғыз» тентектердің аңғарлы ойламай, шұғыл шешім жасауынан елге келген қиындықтарды ойлап, оларға өкпе артса, жаудың бетін тойтарған ерліктері мен кісілік тазалығына қарап, еріксіз мейірленеді. Бұл романды оқи отырып ел басына кара бұлт үйірілген осы дүрбелең жылдың ақиқаты екендігіне қапысыз сенесіз.

Романның соңы елінің тәуелсіздігі үшін күрескен, әділетсіздікке ашынып атқа мінген Ізғұтты батырдың дүрбіттермен болған шайқаста ерлікпен құрбан болуымен аяқталады. Автор ел басына күн туғанда нағыз батырға тән әрекет етіп халық үшін басын бәйгеге тіккен батырдың ерлігі тарихи деректермен ұштастырыла қазқалпында көрсетуді мақсат еткен.

Шығармадағы ең басты нәрсе – тіл, көркем де бай халықтық тіл. Сол арқылы кейіпкердің кім екенін аңғарамыз. Шығарманың тілі арқылы кейіпкердің ой-парасатын мінез-құлқы мен адамгершілігін мақсат-мүдесін ұғамыз. Жазушының бұл романында зерттеуші байқайтын поэтикалық қуат осы айтылғандармен ғана шектелмейді. Шығармадағы тарихи тұлғалар, жер-су атаулары, рулар шежіресі, этнографиялық танымдар, ата заң мен дала дәстүрлері, қазақ емшілігі, аңшылық, құсшылық, жаугершілік мінезді қалыптастыратын далалық өмір, т.б. міне осылардың бәрі аталған романдан молынан табылады. Дегенмен, мұндай құндылықтардың бәрін қамтып жазуға бір мақала көлемі аздық етеді. Аталған романды және сол тұстарда жазылған шетел қазақ романдарын аталып өткен салалар бойынша зерделеу – қазақ әдебиеттануында ауқымды әрі маңызды жұмыс.

Шығармада автор тақырып талдау жағынан тарихи дара тұлғаны алады. Атап айтқанда, роман

атауынан көрініп тұрғандай Ізғұтты сияқты жеке тұлғаны роман тақырыбына өзек еткен. Романда сол тұлғаның тарихына қатысты оқиғаларға қатысты ғана орын берілген. Құрылысы мен баяндауы жағынан «Елжау күнби», «Зуқа батыр», «Бөке батыр», «Жәнібек батыр» т.б. сияқты тарихи романдарға ұқсайды. Бұл романның көркемдік тұлғасына көз тастайтын болсақ Ізғұтты батыр образын сәтті жасағаны және жазушының көп ізденгені байқалады. Жалаң оқиғаларға ғана бой ұрмай, «Беген шабылған» сияқты ірі оқиғаларды да кірістіріп жазған. Қажықұмар Шабданұлының «Пана» романы – үш аймақ көтерілісі кезіндегі Сұлубай батырдың әңгімесін арқау етіп жазылған тарихи роман. Бұл романның бас кейіпкері Зуқа батыр да Ізғұтты батыр сияқты өмірде болған адам. Тарихи деректерге сүйенсек, ХХ ғасырдың 20-жылдарының аяғында Алтай өңірінің қоғамдық жағдайы қиындап, 1928 жылы жазда Алтайдың дау иыңы (қосымша қорғаныс елшісі) болып Ви Жыңго келеді. Ол келе сала Алтай халқына қанды шеңгелін салып, халықты қан қақсатты. Әскери күшпен озбырлық жүргізіп, алмансалықты шектен тыс ауырлатып, қазақтардың жағдайын қиындатты. Мұндай қырғынға шыдамаған ел лажсыз басқа жаққа қоныс аударуына тура келді. Бұл зұлымдығына шыдамай қарсы күрескендердің бірі – Зуқа Сәбитұлы болды. Романның соңында Қытай ұлығы қазақтарды үрейлендіру мақсатымен Сарсүмбе қаласындағы көпірге Зуқа батырдың басын іліп қояды. Батырдың ерлігін құрметтейтін халық кейін оны Белқұдыққа жерлеп, басына үлкен қорған тұрғызды. Шығарма оқиғасы өте әсерлі, кейіпкер тағдыры да аянышты. Қаламгер Зуқа батыр трагедиясы мен ел тағдырын қабыстыра баяндайды.

Қажықұмар Шабданұлының «Пана» романы мен Байахмет Жұмабайұлының «Ізғұтты батыр» романында еліне тұтқа болған кейіпкер образын сомдау, характерді аша білу жағынан және бүкіл шығарма бойынан кезігіп отыратын ұлттық психология, жалпылық философия, ұлттық идеология т.б. молынан табылады. Тарихи романдарға баға беру – тарихтың, болашақтың борышы. Бір жазушының жүрек қанын сарқып, көз майын тауысып жазған шығармасына бір ауыз сөзбен баға беру өте қиын.

Қорытынды, тұжырымдар

Қорыта келе, жазушы Б.Жұмабайұлының «Ізғұтты батыр» романы – роман жанрына

тән табиғатты, кейіпкерлер әлемін суреттеу тәсілдерінде қарымды қаламгерге тән биік талғам, бай тілді игеру, туындының талап деңгейінен көріне білуі секілді әдеби-көркем, теориялық және табиғи талант қырларын жете меңгергенін анық байқауымызға болады. Сонымен қатар бұл роман шетелдегі қандастарымыздың өткен тарихының, Қазақ хандығы құлағаннан кейін түбі бір түрік жұрты өсіп-өнген өр Алтайға қоныс аударған қазақтардың Цин империясы және Қалқа моңғолдарымен бірде тату, бірде араз өткен арпалысқа толы өмірін, ел болып, одақтасу мен ымыраласу жолында қаншама белестерден өткенін бейнелейтін кесек туынды деуге болады. Ізғұтты батыр және оның заман-

дас ел ағаларының жау жағадан, бөрі етектен алған ауыр кезеңдерде қабылдаған стратегиялық шешімдерінен, жау мен жаттан ел мен жерді қорғаған ерлікке толы өнегелі істерінен тағылым алу бүгінгі ұрпақтың міндеті. Ел тарихын екшеумен бірге шетелде тұратын қандастар тарихын, өткен-кеткенін құзау бүгінгі тәуелсіз елдің міндеті. Байахмет Жұмабайұлының еңбектері ұлтымыздың руханият қазынасы қорына қосылған құндылықтар деп білеміз. Шетелдегі қазақ әдебиетін зерделеуде ол елдерде жазылған тарихи романдарды оқып, оқырман қауымға жеткізу, әдебиеттануда, жалпы қазақ филологиясында ғылыми айналымға түсіру біздің елдік борышымыз болмақ.

Әдебиеттер

- Виноградов В.В. О языке художественной прозы. – М., 1980. – 382 с.
 Егеубаев О. Қытайдағы қазақ әдебиеті, өнері және баспасөзі. <https://el.kz/news/archive/content-5015/> 2012.
 Жәди Шәкенұлы. Қытай қазақтары. https://lenta.inform.kz/kz/zhadi-shakenuly-kytaykazaktary_a2922925 2010
 Жұмабайұлы Б. Ізғұтты батыр. – Үрімжі: Шынжаң жастар-өрендер баспасы, 2000. – 289 б.
 Кәрібай Е. Алтай мен Тәңіртаудың арасы: Көшпелінің даласы Қытай иелігіне қалай өтті? <https://qazaqtimes.com/article/58574> 2019. – 13 наурыз.
 Конрад Н. Запад и Восток. – Москва: Наука, 1966. – 340 стр.
 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
 Қоңқаұлы Ә. Қазақ қиссалары. – Үрімжі: Ұлттар баспасы, 1999. – 288 б.
 Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 2-том. – Пекин: Ұлттар баспасы, 1998. – 496 б.
 Майтанов Б. Көркемдік нәрі. – Алматы: Жазушы, 1983. – 184 б.
 Татанайұлы А. Тарихи дерек – келелі кеңес. – Үрімжі баспасы, 1994. – 220 б.
 Шетелдегі қазақ әдебиеті: Ұжымдық монография. – Алматы: «Evo Press», 2014. – 592 б.
 David Matsumoto. Cambridge Dictionary of Psychology. – Cambridge University Press, 2009.
 Fang Xiang dong, ed. “Du bu dong de “haodou” wenzhang?” Lu Xun Shi Fei. – Shanghai: Dongfang chubanzhongxin, 2008.
 Clarke, Michael. Xinjiang and China’s Rise in Central Asia, 1949-2009. Oxon and New York: Routledge, 2011.
 McMillen, Donald H.. “Chinese Communist Power and Policy in Xinjiang, 1949-1980.” Boulder, Colorado: Westview Press, 1985.

References

- Clarke, Michael. (2011) Xinjiang and China’s Rise in Central Asia, 1949-2009. Oxon and New York: Routledge. (in English)
 David Matsumoto. (2009) Cambridge Dictionary of Psychology. Cambridge University Press. (in English)
 Egeubaev O. (2012) Qytaidagy kazakh adebieti, oneri zhane baspasozhi. <https://el.kz/news/archive/content-5015/> (in Kazakh)
 Fang Xiang dong, ed. (2008) “Du bu dong de “haodou” wenzhang?” Lu Xun Shi Fei. Shanghai: Dong fang chu ban Zhong xin. (in English)
 Kabdолоv Z. (2002) Soz oneri. – Almaty: Sanat. – 360 b. (in Kazakh)
 Karibay E. (2019) Altay men Tanirtaudyn arasy: Koshplinin dalasy Kytay ieligine kalay otti? <https://qazaqtimes.com/article/58574>, 13 nauryz. (in Kazakh)
 Konkauly A. (1999) Kazakh kissalary. Urimzhi: Ulttar baspasy. – 288 b. (in Kazakh)
 Konrad N. (1966) Zapad i Vostok. – Moskva: Nauka. – 340 str. 173 s. (in Russian)
 Qytay tarihnamalaryndary kazakhka katysty derekter. (1998) – Pekin: Ulttar baspasy, 2-t, – 496 b. (in Kazakh)
 Maitanov B. (1983) Korkemdik nari. – Almaty: Zhazushy. – 184 b. (in Kazakh)
 Tatanayuly Askar. (1994) Tarihi derek – keleli kenes. – Urimzhi baspasy. – 220 b. (in Kazakh)
 McMillen, Donald H. (1985) “Chinese Communist Power and Policy in Xinjiang, 1949-1980”. Boulder, Colorado: Westview Press. (in English)
 Sheteldegі kazakh adebieti: Uzhyndyk monografija. (2014) – Almaty: «Evo Press». – 592 b. (in Kazakh)
 Vinogradov V.V. (1980) O iazyke hudozhestvennoj prozy. – Moskva. – 382 s. (in Russian)
 Zhadi Shakenuly. (2010) Kytay kazakhtary. https://lenta.inform.kz/kz/zhadi-shakenuly-kytaykazaktary_a2922925 (in Kazakh)
 Zhumabayuly, B. (2000) Izgutyty batyr, Shynzhan zhastar-orender baspasy. – 289 b. (in Kazakh)